

МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ



МОЙЫНҚҰМ
АУДАНДЫҚ
ГАЗЕТІ



№80
(7163)
жұма
31 қазан
2025 жыл

ГАЗЕТ 1965 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП ШЫҒАДЫ

moynqum.kz

moinkum_tani@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН-ФИНЛЯНДИЯ БИЗНЕС ФОРУМЫНДА ЕКІ ЕЛ СЕРІКТЕСТІКТІ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРУГЕ УАҒДАЛАСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Стубб «Қазақстан – Финляндия» бизнес форумына қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге ресми сапармен келген Финляндия Президенті Александр Стуббты қарсы алу зор мәртебе екенін жеткізді.

– Финляндия – халқымыз өте жақсы білетін ел әрі Қазақстанның стратегиялық деңгейдегі аса маңызды серіктесі. Қазақ-фин бизнес форумының табысты өтуіне тілектеспін. Президент Александр Стуббқа осы өзекті форумды ұйымдастыруға бастама көтергені үшін ризашылығымды білдіремін. Басқосудағы пікірталастар қос мемлекет арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге тың серпін береді деп сенемін. Финляндиямен серіктестігіміз шынайы достыққа, өзара түсіністікке, сондай-ақ, халықтарымыздың инновация, орнықты даму және өркендеу жолындағы ортақ ұмтылыстарына негізделген, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Финляндия Президентінің Астанаға ресми сапары еларалық қарым-қатынастың жаңа кезеңіне жол ашатынын атап өтті.

– Бүгін Президент Александр Стуббпен жүргізген келіссөз барысында Қазақстан мен Финляндия арасындағы серіктестікті кеңейтуге және дамудың жаңа мүмкіндіктерін іздеуге ниетті екенімізді растадық. Былтыр Финляндияның Қазақстанға құйған тікелей инвестициясы 80 пайыздан асып, жалпы есебі жарты миллиард долларға жуықтады. Финляндия инновация және технология салаларындағы көшбасшылығымен дамыған елдердің бірі ретінде әлдеқашан мойындалған. «KONE», «Nokia», «Fortum» секілді компаниялар ел жетістігінің ең жарқын үлгілерінің бірі. Олар одан әрі өркендеуге ықпал етіп, новаторлардың жаңа буынын ынталандырды. Бүгінде Қазақстанда фин тарапының қатысуымен 50-ге жуық компания табысты жұмыс істейді. Олардың арасында «Tikkurila», «Wärtsilä», «Nurminen», «Metso», «Valtra», «Peikko» және басқа да әлемге танымал брендтер бар. Қазақстан осы серіктестікті кеңейтуге, сондай-ақ, еліміздегі фин инвестициясының және іскерлік тобының артуына бейіл, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Президент биылғы үшінші тоқсанда Қазақстан экономикасы 6,3 пайызға артқанын, бұл ірі халықаралық ұйымдардың жаһандық өсім болжамынан шамамен екі есе артық екенін айтты. Ішкі жалпы өнім көлемі 300 миллиард доллардан асады деп күтілуде.

– Жан басына шаққандағы ІЖӨ көрсеткіші бойынша Қазақстан ТМД, тіпті, одан тысқары елдер арасында бірінші орынға ие. Дегенмен, бұл көрсеткіш Финляндиядан үш есе төмен. Еліміздің сыртқы сауда көлемі 140 миллиард доллардан асты. Бұл да осы аймақтағы ең жоғары нәтиже саналады. Негізгі серіктесіміз – Еуропа Одағымен өзара сауда көлемі 50 миллиард долларға жуықтады. Шағын және орта кәсіпорындар ұлттық дамудың іргетасы болып отыр.

Экономикадағы оның үлесі шамамен 40 пайызды құрады. Біз бұл прогреске экономикада, сонымен бірге саясатта кешенді реформалар жүргізу арқылы толық қолдау көрсетіп отырмыз. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» стратегиялық қағидаты – еліміздің саяси бағытының негізгі өзегі. Бұл 2027 жылы жалпыұлттық референдум барысында қабылданатын конституциялық реформалардан кейін де Қазақстанның президенттік республика болып қала беретінін көрсетеді. Сәйкесінше, «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы ішкі саясатымыздың басты бағдарына айналды. Заң үстемдігі экономикалық реформаларды табысты жүргізуге және кәсіпкерлікпен айналысуға қажетті жағдай жасайды деп сенемін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы UNCTAD мәліметі бойынша, кейінгі бір жылда теңізге шығар жолы жоқ елдер арасында жаңа жобаларға салынған барлық инвестицияның 80 пайызға жуығы Қазақстанға тартылғанын, еліміздің үлесіне құны 1 миллиард доллардан асатын жобалардың бестен бір бөлігі тиесілі екенін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Финляндия арасындағы ынтымақтастықтың бірқатар перспективті салаларына назар аударды.

– Еуразияның қақ төрінде орналасқан Қазақстан – Шығыс пен Батысты жалғастыратын стратегиялық аймақ. Еуропа мен Қытай арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы еліміздің аумағымен өтеді. Бұл құрлықтағы қатынастың маңызды құрғатамыры саналады. Жұртшылық Орта дәліз деп танытын, яғни, «Транскаспий» халықаралық көлік бағдарын дамыта отырып, Қазақстан құрлықаралық сауданың орталық арнасы ретіндегі рөлін нығайта түседі. Орта дәліздің әлеуетін одан әрі ұлғайту үшін біз транзит ағынын оңтайландыру мен үйлестіруге арналған «Smart Cargo» бірегей цифрлық басқару платформасын іске қосамыз. Осы ретте аймақта тиімді мультимодальді көлік желісін құрған «Nurminen Logistics» фин компаниясының күш-жігерін жоғары бағалаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұдан кейін еліміз Каспий теңізіндегі «Ақтау» және «Құрық» порттарын белсенді түрде жаңғыртып жатқанына тоқталды. Жылына 240 мың контейнер өткізу мүмкіндігі бар «Ақтау» портындағы контейнерлік хаб құрылысының алғашқы кезеңін биыл аяқтау жоспарланған.

– Біз тәжірибе мен озық технологиялық шешімдерді алмасу арқылы «Хельсинки» және «Хамина-Котка» секілді фин порттарымен ынтымақтастықты тереңдетуге ұмтыламыз. Бұл елдеріміз арасындағы ықпалдастықтың жаңа бағыты болмақ. Фин компанияларын Еуропа мен Орталық Азия арасында тиімді және орнықты көлік байланысын орнатуға үлес қосып, күш-жұмылдыруға шақырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ



РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШАРА

25 қазан – Қазақстан Республикасының Республика күні мерекесіне орай аудандық мәдениет үйінде салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға аудан әкімі Ермек Карентаев, аудандық мәслихат төрағасы Нұртас Саурықов, сондай-ақ «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Манарбек Көшкімбаев қатысып, тұрғындарды мемлекеттік мерекемен құттықтады. Салтанатты жиында сөз алған аудан басшылары Республика күнінің тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ерекше орнына тоқталып, елдің тұрақтылығы мен бірлігіне қосқан аудан халқының үлесін атап өтті.

Сондай-ақ еліміздің дамуы жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтарға алғыс білдіріп, Республика күнінің елдік рухты күшейтетін мерейлі мейрам екенін айтты. Мерекелік жиын барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына және мәдени өмірінің өркендеуіне үлес қосқан бірқатар азаматтар марапатталды. Олар «Ауданға сіңірген еңбегі үшін», «Мойынқұм ауданының 60 жылдығы» мерейтойлық медалімен, сондай-ақ аудан әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Айта кету керек, биыл сәуір айында аудан көлемінде ауылдардың мәдени күндері жоғары деңгейде ұйымдастырылып, әр округ өз өнері мен ұлттық салт-дәстүрін кеңінен насихаттаған болатын. Сол мәдени күндердің қорытындысы дәл осы Республика күні мерекесінде жарияланып, үздік ауылдық округтер

мен өнер ұжымдары марапатқа ие болды. Марапаттау нәтижесінде: белсене қатысқаны үшін Қызылтал, Биназар және Ұланбел ауылдық округтеріне микрофон жиынтығының сертификаты табысталды, «Көрермен көзайымы» номинациясын иеленген Мирный ауылы мен «Бірлігі жарасқан ауыл» номинациясының иегері Ақсүйек ауылына домбыра мен микрофон жиынтығының сертификаты берілді, үшінші орын иегерлері – Қылышбай, Кеңес және Хантау ауылдық округтеріне компьютер жиынтығының сертификаты табыс етілді, екінші орынды Қарабөгет және Жамбыл ауылдық округтері иеленіп, музыкалық аппаратура жиынтығының сертификатына ие болды, бірінші орынды Шығанақ және Мыңарал ауылдық округтері жеңіп алды, ал бас жүлде Бірлік ауылдық округіне бұйырып, оларға LED экранның сертификаты табыс етілді.

Мерекелік концерттік бағдарламада аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары мен танымал өнер ұжымы «Тараз Триосы» өнер көрсетіп, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Республика күні – ел бірлігі, тәуелсіздік рухын және халық еңбегін дәріптейтін мереке. Мойынқұмдықтар бұл күнді ерекше рухта атап өтіп, аудан өміріндегі еңбегі еленген азаматтарды марапаттау арқылы мерекенің маңызын айшықтай түсті.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».
Суретті түсірген автор.

АУДАНЫҢ ЖАҢА ПРОКУРОРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Аудан әкімдігінің ғимаратында аудан басшысы Ермек Карентаевтың және Жамбыл облысы прокурорының орынбасары Азамат Күреңкей, аудан активінің қатысуымен ауданның жаңа прокуроры таныстырылды. Бұл лауазымға Бекмұратов Қайсар Мұратұлы тағайындалды.

Қайсар Мұратұлы 2007-2010 жылдары Қазақ ұлттық университеті құқықтану мамандығы бойынша, 2010-2011 жылдары М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің құқықтану мамандығы бойынша магистратурасын тәмамдаған ол прокуратура саласында 2012 жылдан бері жұмыс істейді.

Әр жылдары Жамбыл облысы прокуратурасының бірнеше басқармаларында және аудандық прокуратураларда түрлі жауапты қызметтер атқарған. Соның ішінде Қордай, Сарысу аудандарында аудандық прокурордың орынбасары қызметін атқарған.

Соңғы тағайындалғанға дейін Абай облысы, Мақаншы ауданының прокуроры болған.

Ауданның құқықтық тәртібін қамтамасыз ету жолындағы



жұмысына сәттілік тілейміз!
Елімізге адал қызмет етуіне тілектеспіз!

Айдос ҚОСЫБАЙ,
«Мойынқұм таңы».

САЛТАНАТТЫ ШАРА



МЕМЛЕКЕТТІК ТҮ КӨТЕРУ РӘСІМІ ӨТТІ

25 қазан – Республика күні мерекесіне орай, Мойынқұм ауылының орталық алаңында ел рәміздеріне деген ерекше құрметпен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеру рәсімі өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімі Ермек Карентаев бастаған аудан басшылығы, мекеме қызметкерлері мен ауыл тұрғындары қатысты. Рәсім барысында көк ту биікке көтеріліп, мемлекеттік Әнұран асқақтата шырқалды. Елдің айбынын айқындап, рухты көтерген бұл сәт жиналған жұрттың жүрегінде мақтаныш сезімін ұялатты.

Мереке одан әрі аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасын тауып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бұл күн – Тәуелсіздікпен тұтастықтың, ел мен ердің намысын биікке көтерген айбынды мереке. Көкбайрақ желбіреген сәтте мойынқұмдықтар тағы бір мәрте өз елінің азаттығына, мемлекетінің мәңгілігіне деген сенімін жүрек түкпірінде жаңғыртты.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».

ЖАЗЫЛЫМ – 2026



«МОЙЫНҚҰМ ТАҢЫ» ӘР ШАҢЫРАҚҚА

Құрметті оқырман!

Аудандық газетіміздің 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу наұқаны басталды.

Жеке жазылушылар үшін бағасы 6 айға – 4047 теңге 12 тиын.

Индексі 16003.

Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін бағасы 6 айға – 4542 теңге 12 тиын.

Индексі 66003.



ҚАЗАҚСТАН–ФИНЛЯНДИЯ БИЗНЕС ФОРУМЫНДА ЕКІ ЕЛ СЕРІКТЕСТІКТІ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРУГЕ УАҒДАЛАСТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Президент атом қуатын еліміздің ұзақ мерзімді энергетикалық стратегиясының маңызды тірегі санайды. Болжам бойынша, 2030 жылға қарай әлемде уранға сұраныс 28 пайызға өседі, ал 2040 жылға қарай екі есе артады.

– Еліміз жаһандық ірі уран өндірушілердің бірі саналады, яғни, әлемдік сұраныстың 40 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Қазақстанның Атом энергиясы жөніндегі агенттігі мен Финляндияның Радиациялық және ядролық қауіпсіздік басқармасы (STUK) ядролық отынды бейбіт мақсатта пайдалану әрі тәжірибе алмасу бойынша серіктестік орнатты. Біз бұл ынтымақтастықты құптаймыз. Осы орайда, Суомидің қауіпсіздік және орнықты ядролық шешімдеріне арқа сүйей отырып, ядролық қалдықтарды басқару бойынша бірлесе әрекет етуге әзірміз. Сонымен қатар, Қазақстан көмір энергетикасы саласында таза, тиімді әрі экологиялық шешімдер қабылдауға ұмтылады. Біздің стратегиямыз шығарындыларды барынша азайту үшін заманауи технологияларды енгізуге және өнеркәсіптің, әсіресе, электр энергиясы өндірісінің тиімділігін арттыруға бағытталған. Сондықтан, біз келешегі зор ынтымақтастыққа өзін сарапшыларының қатысуын қуаттаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елімізде инновациялық гибридіт энергетикалық жүйе мен электр энергиясы өндірісінің икемді технологиясын енгізген Финляндияның «Wärtsilä» компаниясына алғыс айтты. Президент Қазақстанда энергияның дәстүрлі көздерінен бөлек, пайдалы қазбалардың мол қоры бар екенін атап өтті. Олардың көбі әлі игерілмеген.

– Еліміз сирек кездесетін әрі Еуропа Одағы экономикасы үшін аса маңызды саналатын 34 элементтің 21 түрін өндіреді. Біз нақты прагматикалық әдіске жүгінеміз: шикізатты инвестиция мен технологияға алмастырамыз. Финляндияның Metso



компаниясы минералды шикізатты өңдеу және өндірісті автоматтандыру салаларында озық шешімдер ұсынып жатыр. Осы бағыттағы ынтымақтастық аясын кеңейтуге мүмкіндік мол екенін байқаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан егістік жерлерінің көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алады. Жыл сайын жаһандық нарыққа 10 миллион тоннаға жуық бидай және 2 миллион тонна үн жеткізіп, әлемдегі ең ірі астық экспорттаушылардың ондығына кіреді.

– Елдеріміздің өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге бағытталған бірлескен кәсіпорын құруға мүмкіндігі бар. Осылайша, аграрлық

өндірістің бүкіл тізбесінде қосылған құны жоғары өнім шығаруға болады. Біз ынтымақтастықтың нақты тетіктерін қалыптастырдық. Академиялық алмасуды жандандыру және Erasmus+ бағдарламасы аясында бірлескен жобаларды ілгерілету мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті мен Шығыс Финляндия университеті серіктестік орнатты. Қазақстан аграрлық мамандардың жаңа буынын даярлауға және ауыл шаруашылығының инновациялық, орнықты әдістерін енгізу саласында бірлескен зерттеулерді дамытуға мүдделі, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықтың маңызына тоқталып, бизнес форум қатысушыларына

Қазақстан алдағы үш жыл ішінде толық цифрлық ел болуды мақсат еткенін мәлімдеді.

– Финляндия жасанды интеллект және «LUMI» суперкомпьютері арқылы өнімділігі жоғары есептеулер саласында көш бастап тұр. Сондықтан, ЖИ бойынша зерттеу жүргізу, мәліметтерді озық талдау, техникалық білім беру және инновациялық экожүйе бағыттарында серіктестікті жолға қоя аламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Финляндия іскерлік топтарын «Астана» халықаралық қаржы орталығымен байланыс орнатуға шақырды. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану салаларындағы бірлескен бастамаларды

кеңейтуде мол әлеует бар екенін атап өтті.

– Елімізде ауа сапасын болжаудың озық моделін пайдаланатын «SILAM» жүйесі табысты жұмыс істеп тұр. Орман шаруашылығында да айтарлықтай перспектива бар. Біз ағаш кесудің экологиялық тұрғыдан қауіпсіз тәсілдерін ілгерілетуге, кәсіби даярлау бағдарламаларын әзірлеуге және ағаш өңдеуде заманауи технологияларды енгізуге баса мән береміз. Финляндияның осы салалардағы озық тәжірибесі «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасын іске асыруға айтарлықтай үлес қоса алады. Бұдан бөлек, бірлескен зерттеулер мен инвестицияға жол ашады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің фин компанияларына сенімді әрі ұзақмерзімді серіктес болуға ұмтылатынын айтты.

– Бүгінгі кездесу – экономикалық байланыстарымызды нығайту жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Бұл форумда жай ғана келісімдер жасалмайды. Кәсіпкерлер, инженерлер және озық ойлы азаматтар арасында байланыс орнатылып, сенім нығаяды, – деді Мемлекет басшысы.

Финляндия Президенті қазақстандық кәсіпкерлер жұмысының тиімділігін, сондай-ақ екі ел бизнес құрылымдарының арасында өзара сенім бар екенін атап өтті.

– Біз құбылмалы, болашақты болжау қиынға соғатын, күрделі геоэкономикалық әлемде өмір сүріп жатырмыз. Мұндай кезде бизнес шын мәнінде тұрақтылықты қажет етеді. Бүгін Қазақстан мен Финляндия арасында саяси деңгейде келісімдер жасалды. Ал, осындай уағдаластықтар тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, өзара түсіністік жөніндегі меморандумдарға қол қойып, құжаттар алмастық, – деді Александр Стубб.

AKORDA.KZ.

ЖӘРМҰҢКЕ



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІ САУДАЛАНДЫ

25 қазан – Республика күні ұлттық мерекесі қарсаңында аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен дәстүрлі ауылшаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Сауда-саттық шарасы аудан орталығындағы Абылай хан алаңының маңында өтті.

Жәрмеңкеге ауданның 20-ға жуық кәсіпкерлік нысандары мен шаруа қожалықтары қатысып, өз өнімдерін тұрғындарға нарық бағасынан 10-30 пайыз төмен бағада ұсынды.

Сөрелерге сиыр мен қой-ешкі еттері, сүт және балық өнімдері, көкөніс пен жеміс-жидектердің тұр-түрі қойылды. Сонымен қатар шаруалар табиғи шөп өнімдерін де әкеліп, түктелген шөпті 600 теңгеден, ал рулон түріндегі шөпті 4000 теңгеден

тұрғындарға ұсынды.

Жәрмеңке барысында ауыл еңбеккерлерінің өнімдеріне сұраныс жоғары болды. Арзандатылған бағадағы сапалы өнімдерді алу үшін таңертеңнен бастап халық көптеп жиналды.

Мұндай игі шаралар ел мерекесіне еңбекпен үлес қосып жүрген ауылшаруашылығы саласы өкілдерінің еңбегін насихаттап, тұрғындарды отандық өнімге бет бұруға ынталандыруды көздейді.

Аудан тұрғындары жәрмеңкеден көтеріңкі көңілмен тарқап, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».

ТАЗА АУА – ТАЗА АУЫЛ



Мойынқұм өңірінде табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы игі істер үздіксіз жалғасуда. Соның бір дәлелі – «Таза Қазақстан» атты акция аясында өткен ағаш отырғызу сенбілігі. Бұл күні ауданның әр аумағында елге көрік, жерге тыныс беретін жасыл желектер отырғызылды. Жалпы аудан бойынша 4 500 түп ағаш егілсе, соның 700-і Мойынқұм ауылының өзінде жерсіндірілді.

Тек Мойынқұм ауылының өзінде акцияға 200-ден аса адам қатысып, олардың қатарында мемлекеттік қызметкерлер, түрлі мекеме мен ұйым қызметкерлері, ауыл тұрғындары және белсенді жастар болды. Әр ұжым өз көшесін көгалдандырып, туған жердің көркін арттыруға, экологиялық ахуалды жақсартуға шын ықыласпен үлес қосты.

«Атадан мал қалғанда, тал қалсын» дейді қазақ. Бұл сөздің мәні бүгінгі ұрпақтың табиғатқа деген қамқорлығын айқын көрсетеді. Бір түп ағаш – бір тамшы тыныс, ал мыңдаған ағаш –



елдің ертеңі, ұрпақтың амандығы. Сол себепті Мойынқұм халқы соңғы жылдары көгалдандыруға ерекше назар аударып келеді.

Ауданның табиғаты шөлейт аймақ болғандықтан, мұнда көбіне табиғатқа төзімді, құм мен желге қарсы тұра алатын ағаш түрлері егіледі. Әсіресе сексеуіл егу жұмысы жолға қойылған. Сексеуіл – тек ағаш емес, шөлдің қалқаны, топырақтың қорғаны. Жел ұшырып, құм көші басталатын жерлерде дәл осы ағаштың арқасында табиғи тепе-теңдік сақталып отыр. Сондықтан мойынқұмдықтар сексеуілді ерекше құрмет тұтады.

Жыл сайын көктем мен күз айларында аудан көлемінде ағаш отырғызу дәстүрге айналған. Мектеп оқушылары, жастар ұйымдары, кәсіпкерлер мен қарапайым тұрғындар табиғатты көркейтуге атсалысып келеді. Көшелердің бойы мен саябақтарда, мекеме аумақтарында қарағаш, терек, жиде секілді ағаштар

көктеп тұр. Бұл – елдің табиғатқа деген сүйіспеншілігінің, ұжымдық еңбектің жемісі.

«Жерге еткен еңбек – елге еткен жақсылық» дейді дана халық. Бүгін егілген әр түп ағаш ертең ауылдың ажарын ашады, келешек ұрпаққа көлеңке, тыныс, өмір сыйлайды. Сондықтан мұндай сенбіліктер тек еңбек күні емес, елдің ынтымағы мен жауапкершілігін көрсететін мерейлі шараға айналып отыр.

Мойынқұмның кең даласында жел ескенмен, адам қолымен егілген жасыл желек бар жерде өмір де, үміт те бар. Осылайша аудан тұрғындары табиғатты аялаудың, туған жерге жанашырлықпен қараудың жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Айдос ҚОСЫБАЙ,
«Мойынқұм таңы».

ҚОҒАМ ДЕРТІ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ДӘЙЕКТІ ЖҮРГІЗІЛУІ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тамырын тереңге жіберген қоғамдық індет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мырмасыз күрес жариялап, ықпалды шаралар қолданып келеді. Нәтижесінде, «Transparency International» жемқорлыққа қарсы күрес және дүниежүзіндегі жемқорлық деңгейін зерттеу жөніндегі үкіметтік емес халықаралық ұйымы атап көрсеткендей, былтырғы Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (СЖКИ) бойынша еліміз өзінің жаңа тарихында алғаш рет 40 балға қол жеткізіп, 180 мемлекеттің ішінде 88-орынға көтерілді.

Осылайша, Қазақстан – Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде ең жоғары позицияны иеленді. Дегенмен дүниежүзі бойынша орташа балл 43 балл екенін, СЖКИ бойынша көрсеткіші 50 балдан төмен елдер сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары мемлекет саналатынын ескерсек, қол жеткен ілгерілетуге тоқмеліліктін жөніміз жоқ. Сол себепті осы бағытта жасалған келесі маңызды қадам – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі таратылып, тиісті қызмет Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қарамағына берілгені.

Шынтауайында, «Қойшы көп болса, қой арам өледі» деп қазеккем айтқандай, жемқорлыққа қарсы күреспен екі мемлекеттік органның қатар айналысуы жұрт күткендей жоғары нәтиже берді

деу қиын. Рас, кейінгі жылдары елімізде жасалған жемқорлық қылмыстардың біртіндеп азаю үрдісі барлығын бекерге шығаруға болмайды. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметі бойынша жемқорлық құқық бұзушылық саны 2022 жылы – 1 530, 2023 жылы – 1 461, 2024 жылы 1 269 болған. Алайда өңірлердегі жағдай – әрхелкі. Өкінішке қарай, былтыр Астана қаласы мен 7 облыста осы қоғамдық індет аздаймақ түгіл, тіпті үдеп кеткен. Елордада 2022 жылы – 152, 2023 жылы – 196, 2024 жылы 227 жемқорлық қылмыс әшкереленген. Абай облысында 2022 жылы – 8, 2023 жылы 31 жемқорлық қылмыс жасалған болса, осы жөніндегі көрсеткіш былтыр 58-ге жетіп, бұрнағы жылғымен салыстырғанда 87 пайызға ұлғайған. Жамбыл облысында 2023 жылы – 43, 2024 жылы 63 жемқорлық қылмыс әшкереленіп, бұрнағы жылғымен салыстырғанда 46,5 пайызға көбейген. Қызылорда облысында 2023 жылы – 23, 2024 жылы 32 жемқор құрықталған, яғни «өсім» – 39 пайыз. Жемқорлық құқық бұзушылықтар саны өткен жылы Шығыс Қазақстан облысында – 21 пайызға, Павлодар облысында – 19 пайызға, Алматы облысында – 14 пайызға, Жетісу облысында 8 пайызға артқан.

Құқық бұзушылыққа, соның ішінде жемқорлық қылмысқа ұрынған мемлекеттік қызметшілер саны 2022 жылы 1 049 болса, бұрнағы жылы осы көрсеткіш 489-ға дейін

азайған, ал өткен жылы тағы 681-ге дейін ұлғайған. Әртүрлі құқық бұзушылық жасаған шенеуніктер саны Түркістан облысында бұрнағы жылғы 24-тен 117-ге дейін шарықтаған. Заңнан аттаған мемлекеттік қызметшілер қатары Павлодар облысында 23-тен 62-ге дейін, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында 13-тен 23-ке дейін, Алматы облысында 15-тен 24-ке дейін, Атырау облысында 28-ден 44-ке дейін, Қостанай облысында 15-тен 23-ке дейін қалындаған. Сондай-ақ құқық бұзушылық жасаған прокуратура қызметкерлерінің саны 1-ден 6-ға дейін, судьялар саны 3-тен 6-ға дейін көбейген.

ҰҚК-нің құрамына енгізілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің (Антикор) алғашқы жұмыс нәтижелері Мемлекет басшысы жүргізген реформаның негізділігін айқастағандай. Ведомствоның баспасөз қызметінің мәліметіне қарағанда, былтыр ішкі айында Қылмыстық кодекстің 362-бабы (билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану) бойынша – 3, 366-бабы (пара алу) бойынша – 5, 367-бабы (пара беру) бойынша – 4, 190-бабы (алаңдық) бойынша – 2, 147-бабы (жеке өмірге қолсұғылмаушылық және дербес деректерді қорғау туралы заңнаманы бұзу) бойынша – 1, 361-бабы (лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану) бойынша – 1, 364-бабы (кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу) бойынша – 1, барлығы 17

құқық бұзушылық фактісін әшкерелеген. Сотқа 16 қылмыстық іс жолданған. Аяқталған істер бойынша мемлекетке келтірілген 113,6 млн теңге залалдың орны толтырылған. Жалпы сомасы 619,1 млн теңге мүлікке тыйым салынған.

Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлағаны үшін екі адамға 471,84 мың теңге сомасында сыяқы берілген.

Таяуда Антикор Көлік вице-министрін пара алды деген күдікпен ұстап, сот санкциясымен қамауға алды. ҰҚК-нің баспасөз қызметі осы қылмыстың жай-жапсарын егжей-тегжей баяндамағанымен, бейресми дерек көздерінен құрулы торға түскен «шортанның» бұрын Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарғаны мәлім болды. 2023 жылы Қызылжар өңірінің бірінші басшысы лауазымына үміткер ретінде баламалы бәсекеге түскенімен, жергілікті мәслихаттардың депутаттары оған сенім білдірмеген екен. Қызылжарлықтарды құдай қаққан деуге болады. Көмекейі кең шенеунік облыс әкімі хәм «жарты патша» болып тағайындалып кеткен жағдайда өңірдегі онсыз да күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуал одан сайын ушықпаса, жақсармайтыны анық еді. Оған сол жолғы жанама сайлауға қатысқан 174 депутаттың 56-сы қолдау білдірген екен.

Антикор ішкі айында Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кіріс департаментінің

басқарма басшысын пара алды деген күдікпен ұстады. Бұл факті бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүріп жатыр. Сондай-ақ қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдаланды деген күдікпен Энергетика министрлігі Энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша аумақтық департаментінің басшысының үстінен қылмыстық іс қозғалды. Ол жер қойнауын пайдаланушылардан жүйелі түрде пара алуға мүмкіндік беретін сыбайлас жемқорлық схемасын ұйымдастырды деген күдікке ілініп, қамауға алынды.

«Мың асқанға – бір тосқан». Мансап баспалдағымен жоғарылап, шешім қабылдау деңгейіндегі биік лауазымдарға қол жеткізген талай шенеунік аяқ астынан жолдан тайып, ұсталып жатыр. Ардан аттаған жемқорлардың жегені желім, ішкені ірің болатын кез келгені анық. Осы орайда бір ойланарлық мәселе – Үкіметтің билығы 30 мамырдағы №388 қаулысына сәйкес өткен маусым арнаулы құқық қорғау, азаматтық қорғаныс органдарында және мемлекеттік фельдгерлік қызметте енгізілген полиграфологиялық зерттеуді көп кешіктірілмей мемлекеттік қызмет жүйесіне түгел енгізу қажет сияқты.

Кәрібай МҰСЫРМАН.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

АЙДАРЛЫ АУЫЛЫНДА ЖАҢА МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫ АШЫЛДЫ



25 қазан – Республика күні мерекесіне орай Айдарлы ауылында ауыл тұрғындары үшін ерекше қуаныш сыйлаған жаңа мәдениет ошағының ашылу салтанаты өтті. Заманауи талаптарға сай салынған 90 орындық клуб пен кітапхана біріктірілген бұл ғимарат ауылдың мәдени тынысын жандандырып, тұрғындардың рухани өміріне тың серпін бермек.

Салтанатты шараға аудан әкімі Ермек Карентаев қатысып, жиналған көпшілікті жаңа нысанның ашылуымен және Республика күні мерекесімен құттықтады. Өз сөзінде аудан басшысы ауылдардың өркендеуі мен мәдени орталықтардың дамуы – ел болашағына салынған инвестиция екенін атап өтіп, бұл нысанның жастардың өнерін ұштап, ауыл тұрғындарының басын біріктіретін маңызды орын боларына сенім білдірді.

Жаңа мәдениет үйі мен кітапхана ауылдағы қоғамдық және мәдени іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік береді. Мұнда сахна, дыбыс және жарық жүйелері, оқу залы, кітап қоры мен демалыс аймақтары қарастырылған.

Құрылыс жұмыстары облыстық бюджет есебінен 240 405,1 мың теңге қаражатқа жүзеге асырылды.

Айдарлы ауылы үшін бұл нысан – мәдени өмірдің, өнер мен білімнің ұштасқан ордасы. Республика күнімен тұспа-тұс келген жаңа ғимараттың ашылуы ел бірлігі мен ауылдың өркендеуін айшықтай түсті.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».

МОЙЫНҚҰМ АУДАНЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Демография. 2025 жылғы 1 қыркүйекке Мойынқұм ауданының халық саны 27410 адамды құрады. 2025 жылғы қаңтар-тамыз айларында 324 нәресте дүниеге келіп, 118 адам қайтыс болды. Өткен 2024 жылы 358 нәресте туылып, 145 адам қайтыс болды. Аталған кезеңде 100 неке тіркеліп, отбасының 26 ажырасу фактісі орын алды. Өткен 2024 жылы 112 неке, 25* ажырасу тіркелген.

Көші-қон. 2025 жылғы қаңтар-тамыз айларында ауданға барлығы 953 адам көшіп келіп, 1679 адам ауданнан тысқары жерлерге қоныс аударды.

Ауыл шаруашылығы. Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен негізінен шаруа қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтары айналысады. Есепті мерзім ішінде төрт түліктің барлық түрлерінің өнімдерін қоса есептегенде 3235,4 тонна ет, 2040,5 тонна сүт, 1465,2 мың дана жұмыртқа алынды, өткен жылғы сәйкес кезеңдегімен салыстырғанда 62,6 тонна ет, 11,2 тонна сүт, артық өндіріліп, 19,0 мың дана жұмыртқа кем алынды. Мал басы өз төлдерінің көбею есебінен мүйізді ірі қара

малы 64414 басқа, қой 149585 басқа, ешкі 16764 басқа, жылқы 15892 басқа, түйе 1288 басқа, үй құстары 18370 басқа жетіп, өткен жылғы есепті мерзімдегі мәліметпен салыстырғанда, жылқы 2294 басқа, түйе 36 басқа көбейіп, мүйізді ірі қара 7233 басқа, қой 24433 басқа, ешкі 4872 басқа азайды.

Инвестиция. Құрылыс. Аудан бойынша қаңтар-қыркүйек айларында негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 21816704 мың теңгені, пайдалануға берілген тұрғын үй 3353 шаршы метрді, құрылыс жұмыстарының көлемі 15506815 мың теңгені құрады.

Бөлшек сауда. Есепті мерзім ішінде ауданда бөлшек сауданың көлемі 4999543 мың теңгені құрап, оның ішінде азық-түлік тауарлары 418589 мың теңгеге, азық-түлік емес тауарлары 4580954 мың теңгеге сатылды.

Б. ЖАҚСЫМБЕТОВ,
аудандық статистикалық басқармасының басшысы.



ПАРТИЯ ҚАТАРЫНА ЖАҢА МҮШЕЛЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

25 қазан — Республика күні қарсаңында ауданымызда партия қатарына салтанатты қабылдау рәсімі өтті.

Іс-шара барысында партияның жаңа мүшелеріне «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Манарбек Көшкімбаев партия билеттерін салтанатты түрде табыстады.

Ол өз сөзінде партия қатарына қосылған азаматтарды құттықтап, елдің өркендеуі жолында белсенділік танытып, халықтың мүддесін қорғау ісінде жауапкершілікпен қызмет етуге шақырды. Сонымен қатар, алдағы жұмыстарына сәттілік тілеп, партиялық міндеттерді адал атқарудың маңыздылығын атап өтті.

Айта кету керек, биыл аудан бойынша 70-тен астам жаңа мүше партия қатарына қабылданған. Қазіргі таңда «AMANAT» партиясының аудандық филиалында 3186 мүше бар. Олар 19 бастауыш партия ұйымына біріктірілген.

Партия қатарына қосылған жаңа мүшелер еліміздің дамуы мен қоғамның өркендеуіне өз үлестерін қосуға ниетті екендерін жеткізді.

Әсел ҚУАНЫШ,
«Мойынқұм таңы».

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕГІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРЫ БАСТАЛДЫ

Осы аптада аудандық төтенше жағдайлар бөлімі тарапынан 2025–2026 жылғы қысқы дайындық кезеңіне байланысты ауданның шұғыл әрекет ету жасағының дайындығы тексерілді. Іс-шара Мойынқұм ауылының Орталық алаңында өтті.

Тексеру барысында жасақ құрамындағы 15 дана техника мен 45 қызметкердің қысқы кезеңдегі төтенше жағдайларға дайындық деңгейі қаралды. Арнайы құрал-жабдықтармен жарақтандырылуы, байланыс жүйелерінің жұмыс істеу қабілеті, жеке құрамның іс-қимыл дағдылары мен киім жабдықтарының толықтығы назарға алынды.

Шараға аудан әкімінің орынбасары Қуандық Төлеубеков қатысып, техникалық құралдардың жай-күйімен және жеке құрамның қыс мезгіліндегі төтенше жағдайларға әзірлігін бағалады. Ол өз

ІС-ШАРА



КӘСІПКЕРЛЕР

ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Кәсіпкерлер күні биыл тамызда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығымен бекітілген еді. Осыдан он жыл бұрын 29 қазанда Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданғандықтан осы күнді таңдап алды. Кәсіби мереке – бизнес қауымдастығының еліміздегі басты қозғаушы күштерінің бірі екенінің дәлелі. Кәсіпкерлер мерекесі жеке ісін бастап, табысқа жеткен, қиындықтарға қарамастан жұмыс орындарын ашып, көптеген адамға көмектескен азаматтарға алғысын білдіріп, құрмет көрсетуге бағытталған. Кәсіби мерекені ресми түрде бекіту «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен жүзеге асты. Бизнесмендердің айтулы күні бірталай елдерде атап өтіледі. Айталық, АҚШ, Үндістан, КХР, сонымен қатар көршілес Ресей, Беларусь, Украина, Әзірбайжан, Қырғызстан, Арменияда кәсіпкерлердің кәсіби мерекесі бар. Осы кәсіпкерлердің жаңа кәсіби мерекесіне орай аудандық мәдениет үйінде жиын өтті.

Жиында аудан әкімінің орынбасары Мейірхан Төлеулиев сөз алып, жиынға қатысып отырған кәсіпкерлерді төл мерекелерімен құттықтаған жылы лебізін білдірді. Содан соң Мейірхан Берікұлы ауданның кәсіпкерлік саласында жемісті еңбегі үшін «Айша-Сервис» кешені, құрылыс заттары дүкенінің иесі Қанат Көшербаевты, «Мойынқұм» мейрамханасы мен «Көркем» сауда орталығының иесі Гүлнар Нұртаеваны, «Lau brend» және «Ақонай» дүкендерінің иесі Лаура Серікбаеваны «Мойынқұм» ауданына 60 жыл мерекелік медальмен марапаттады. Ал аудан әкімінің Құрмет грамотасымен жеке кәсіпкерлер Біржан Тілеубаев, Камила Ақділдаева, Еркебек

Ошақбаев, Мадия Мұқашева, Ерлан Төлендиев, аудан әкімінің Алғыс хатымен жеке кәсіпкерлер Әмина Отарбаева, Әлия Мәуленова, Найля Қадырова, Зағира Құлыбекова, Қалдықұл Байқонысова, Сая Нұрбекова, Күләнда Айдарбекова, Құлан Қалжанова, Қарлығаш Бекниязова марапатталды.

Содан соң аудандық мәслихаттың төрағасы Нұртас Саурықов сөз алып, бірнеше кәсіпкерге аудандық мәслихаттың Алғыс хатын тапсырды. Солардың қатарында жеке кәсіпкерлер Еркелді Ақбасов, Ақмарал Елібаева, Бағзат Сыздықов, Бақыткүл Орманбекова, Эльмира Сүйінбаева, Алмас Нұрғазиев, Венера Қуанышова, Абай Сәрсенбаев, Меруерт Шолпанқұлова, Мадияр Беділов бар.

Жиында келесі құттықтау сөзді «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Манарбек Көшкімбаев алып, жиынға қатысып отырған кәсіпкерлерді төл мерекелерімен құттықтап, ауданның дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар жеке кәсіпкерлерді партия филиалының Алғыс хатымен марапаттады.

Ал аудандық кәсіпкерлердің төрайымы Лаура Серікбаева белгілі кәсіпкерлер Нұржан Қалымбетовке, Қарлығаш Ұркенбаеваға, Марат Бәшкеевке, Несіпкүл Бейсенбековаға, Берік Саурықовқа, Бағдат Сәтбаеваға, Гүлзина Рысбаеваға, Гүлмира Әлиеваға «Игілік» республикалық жаныялық басылымының «Құрмет иесі» медалін тапсырды. Жиын соны аудандық мәдениет үйі әншілерінің ән шашуына ұласты.

Жолдыбай ДӘМЕТОВ,
«Мойынқұм таңы».



сөзінде қысқы маусымда тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – маңызды міндеттердің бірі екенін атап өтіп, жауапты қызметтерге үздіксіз дайындықты сақтау қажеттігін тапсырды.

Мұндай тексерулер алдағы суық

мезгілде аудан аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жедел жою мақсатында ұйымдастырылып келеді.

Айдос ҚОСЫБАЙ,
«Мойынқұм таңы».

ҚОҒАМ

ҚАЗАҚСТАНДА МЕЙРАМХАНА БИЗНЕСІ ҚАЛАЙ ДАМЫП ЖАТЫР

Биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша елімізде 55 жаңа мейрамхана пайдалануға берілді. Бұл – соңғы жеті жылдағы ең жоғары көрсеткіш, деп хабарлайды Ұлттық статистика бюросы.

Өткен жылмен салыстырғанда өсім 1,8 есеге артқан. Мұндай серпін аталған кезең ішіндегі ең айқын көрсеткіш болып отыр.

Ал жалпы енгізілген орындар саны бойынша деректер он жылға дейінгі аралықты қамтиды. 2025 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында бұл көрсеткіш 16,2 мың орынға жеткен, бұл 2018 жылдан бергі ең жоғары деңгей (сол жылы – 19,4 мың орын болған).

Алайда бір мейрамханаға шаққандағы орташа орын санын есептеу мүмкін емес, себебі мейрамханалар

статистикасына тек жаңадан салынған нысандар енгізілсе, ал орын санының есебіне реконструкцияланған нысандар да кіреді.

Сонымен бірге, бір орынның орташа құнын анықтауға болады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, қаңтар-қыркүйек айларында енгізілген мейрамханалардың жалпы құны шамамен 57 млрд теңгені құрады. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 2,7 есе көп. Осылайша, бір орынның орташа құны 3,5 млн теңгеге тең (жылдық өсім – 46%).

Жаңа мейрамханалардың аймақтар



бойынша үлесі біркелкі емес.

Көш басында Түркістан облысы тұр – елдегі барлық жаңа мейрамханалардың 40%-ы немесе 23 нысан осы өңірде

ашылған. Одан кейінгі орында Қызылорда облысы (7 нысан), үшінші орында Атырау облысы (5 нысан) орналасқан.

Астанада биыл бар болғаны бір мейрамхана пайдалануға берілді, бірақ мұнда бір орынның орташа құны ең жоғары – 12,3 млн теңге. Нысан 200 орынға есептелген.

Ал Алматы қаласы бойынша ресми статистика жаңа мейрамхана ашылғанын тіркемеген.

Айта кетерлігі, елде кафе саны да рекордтық деңгейге жеткен. Тоғыз айда 68 жаңа кафе ашылып, бұл соңғы алты жылдағы ең жоғары көрсеткіш болды. Барлығы 4,9 мың орын пайдалануға беріліп, олардың жалпы құны 11,7 млрд теңгені құрады.

2025 жылдың басындағы ресми

мәліметке сәйкес, Қазақстанда 2,4 мың мейрамхана (339,1 мың орын) және 5,2 мың кафе (293,4 мың орын) жұмыс істейді.

Мейрамханалар мен кафелерді пайдалануға беру туралы статистикалық есептерді заңды тұлғалар тікелей Ұлттық статистика бюросына тапсырады, ал жеке тұлғалар жергілікті атқарушы органдар арқылы есеп береді. Барлық деректер нысанды пайдалануға қабылдау актілерінің негізінде жинақталады.

Айта кетейік, Қазақстанда жыл басынан бері 266 мини-маркет пен 90 супермаркет ашылды.

Асхат РАЙҚҰЛ.

ТАҒДЫР

ҚҰЖАТ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАПТЫ

ҚҰЖАТ – АДАМНЫҢ ҚОҒАМ
АЛДЫНДАҒЫ АЙНАСЫ, МЕМЛЕ-
КЕТ АЛДЫНДАҒЫ МӘРТЕБЕСІ.
ОЛ БАРДА ЕСІК ТЕ АШЫҚ,
МҮМКІНДІК ТЕ МОЛ. АЛ ОНСЫЗ
ӨМІР СҮРУ – ӨЗ ЕЛІНДЕ ӨЗІНДІ
БӨТЕН СЕЗІНУ СЕКІЛДІ. ОСЫН-
ДАЙ ТАҒДЫР ТАУҚЫМЕТІН
ТАРТЫП ЖҮРГЕН МОЙЫНҚҰМ
АУДАНЫМЫЗДЫҢ ТҮРҒЫНЫ, 70
ЖАСТАН АСҚАН АҚСАҚАЛ МУ-
СИН МАЛЫБАЕВТЫҢ ХИКАЯСЫ
БҮГІНДЕ АДАМ ЖАНЫН ЖЫ-
ЛЫТАТЫН, ЖҮРЕККЕ ЖЕТЕТІН
МЫСАЛҒА АЙНАЛДЫ.

Малыбаев Мусин Касатаевич – түбі қазақ, 1985 жылы Қырғызстаннан ата қонысына, туған жері Қазақстанға қоныс аударған. Сол кезде өмір жаңа арнаға бұрылып, Мойынқұм топырағында отбасын құрған. Қазір екі ұл, бір қыз өсіріп, немере сүйіп отырған ақсақал сол жылдары шаруашылықпен, мал бағумен айналысқан. Бүгінде Бірлік ауылында жары екеуі тұрады. Қарапайым тіршілік, адал еңбек – өмірінің мәні болған.

Алайда 1996 жылы Мусин ақсақалдың шаңырағына ауыр сынақ түсті. Малды ауылдағы үйі өртеніп, бар құжаттарымен бірге күлге айналды. Сол сәттен бастап ол құжат рәсімдеу ісін кейінге қалдырып, күнкөріс қамымен кетеді. «Нәпақа табу керек болды, балалар кішкентай, үй де, жағдай да қиын еді. Сол себепті құжат іздеуге мұрша болмады», – дейді ол.

Жылдар өте берді, уақыт сырғып, тіршіліктің толқыны талай сынақтан өткізді. Тек 2000-жылдардан бері құжат мәселесін шешуге талпыныс жасай бастағанымен, әр мекемеден «аңықтама керек», «жауап күтеміз» деген жауаптармен іс ілгерілемей келген.

Тек осыдан үш ай бұрын Мусин ақсақал аудандық полиция бөлімінің басшысы Алмас Көпбаевтың жеке қабылдауында болып, көмек сұрайды. Сол сәттен бастап іс шын мәнінде қозғалады. Полиция бөлімі Қырғызстан Респу-бликасына оның деректерін растау жөнінде сұраныс жолдағанымен, мардымды жауап ала алмайды. Дегенмен, бұл жолы мәселе аяқсыз қалмайды.

Жамбыл облысының көші-қон қызметі,



аудан әкімдігі және полиция бөлімінің бірлескен жұмысының арқасында Мусин Малыбаевтың Қазақстанда 40 жыл тұрақты тұрғаны куәгер-лердің жауабымен расталып, тиісті құжаттар жиналады. Соның негізінде оған жеке куәлік рәсімделіп, ақсақал ысылған еңбегінің, адал өмірінің заңды құжатына қол жеткізді.

«Құжатсыз әрине қиын, қайда барсаң да қабылдамайды. 1996 жылы үйім өртеніп кеткенде бәрі жоғалды. Кейін амал қылып көрдім, бірақ нәтиже болмады. Енді, міне, аудан әкімі Ермек Карентаевқа, полиция бөлімінің бастығы Алмас Көпбаевқа, көші-қон қызметінің аға инспекторы Жансерік Абикеевке, Бірлік ауылының әкімі Куаныш Оспановқа және көршілеріме алғыс айтамын. Қолыма жеке куәлік тиді. Енді бұйырса, зейнетақымды рәсімдеп жатырмыз. Осындай халықтың мұң-мұқтажын тыңдайтын, көмектесетін жандар көп болсын. Алғыстан басқа айтарым жоқ», – дейді ақсақал толқып.

Полиция бөлімінің бастығы Алмас Садықбай-ұлы Көпбаев бұл істің ерекше назарда болғанын айтады. «Ағамыз үш ай бұрын қабылдауымда болды. Бірден облыстық көші-қон басқармасымен және аудан әкімдігімен бірлесіп жұмыс бастадық. Қиындықтар болды, себебі Қырғызстан тарапынан қажетті деректер келмей қалды. Бірақ тоқтап қалмадық, өз тарапымыздан барлық заңды жолмен

шештік. Енді ағамыздың зейнетақы алуына қажетті құжаттарын реттеп жатырмыз. Бұйырса қараша айында алғашқы зейнетақысын алады. Сонымен қатар, алда қыс маусымы, сондықтан ағамыздың үйіне көмір түсіріп берсек деген ниетіміз бар», – дейді Алмас Көпбаев.

Осы игі істе бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған аудан әкімдігі мен полиция қызметкерлерінің қамқорлығы – шынайы мем-лекеттік қызметтің үлгісі. Қағазға байланып қалмай, адамның тағдырына үңіле білген мұндай жандардың әрекеті – қоғамдағы сенім мен ізгіліктің көрінісі.

Мусин ақсақалдың оқиғасы – құжаттың жай қағаз емес, адамның өмір жолын, тағдырын айқындайтын ең маңызды дүние екенін дәлелдеді. Ең бастысы, бұл жағдай бір адамның мәселесін ғана емес, ел ішінде осындай тағдырды бастан кешіп жүрген азаматтарға да үміт сыйлады.

Мойынқұм жерінде мемлекеттік қызмет пен адамдық парыздың тоғысқан тұсы дәл осындайда байқалады. Бір адамның куанышы – бүтін елдің абыройы. Ал осындай мейірім мен жауапкершілікке толы істер көбейсе, қоғамның да жүзі жылы, болашағы нұрлы болмақ.

Айдос ҚОСЫБАЙ,
«Мойынқұм таңы».

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

САЛАУАТТЫ ӨМІР –
САНАЛЫ ҰРПАҚ КЕПІЛІ

Жуырда Ұланбел ауылында жастар мен жасөспірімдерге арналған «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» атты семинар-тренинг өтті. Шараны Жамбыл облыстық пікір сайыс одағы –«Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің тапсырмасы бойынша, «Аудан тұрғындары арасында наша-қорлықтың және есірткі бизнесін алдын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар» мемлекеттік әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырды.

Семинардың негізгі мақсаты – жастарды салауатты өмір салтына баулу, зиянды әдеттердің алдын алу және өмірге деген оң көзқарас қалыптастыру.

Тренингті психолог Марал Хантөреқызы жүргізіп, қатысушылармен ашық әңгімелесу форматында жұмыс істеді. Ол жастарға пси-хологиялық әлсіздіктен арылу, ішкі сенімді ны-ғайту және тәуелділіктен сақтанудың жолдарын түсіндірді. Топтық жаттығулар мен ой қозғау тапсырмалары арқылы қатысушылар өздерінің ішкі мотивациясын, өмірлік ұстанымдарын анық-тады.

Сондай-ақ «Менің болашағым қандай болмақ?» тақырыбында пікірталас ұйымда-стырылып, жастар өз армандары мен мақсаттары туралы ойларымен бөлісті.

Шара соңында қатысушылар алдағы өмірінде салауатты өмір салтын ұстануға уәде білдірді. Семинар жас буынның бойында белсенді өмірлік ұстаным мен оң көзқарас қалыптастыруға үлес қосты.

Елдос ЕРҒАБЫЛҰЛЫ,
«Мойынқұм таңы».

ДІН

Мыңарал ауылында «Жастар санасын
деструктивті діни идеологиядан қорғау»
тақырыбында ақпараттық-түсіндіру
кездесуі өтті.

ЖАСТАРДЫ ЖАТ
ИДЕОЛОГИЯДАН ҚОРҒАУ –
УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Шара Жамбыл облыстық пікір сайыс одағы – «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен және аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің қолдауымен жүзеге асып жатқан мемлекеттік әлеуметтік жоба аясында өткізілді.

Кездесу ауылдық клубта өтіп, оған ауыл тұрғындары, мектеп оқушылары, ұстаздар мен жастар ұйымының өкілдері қатысты. Шараның басты мақсаты – жастар арасында діни сауаттылықты арттырып, дәстүрлі емес ағымдардың ықпалынан қорғау болды.

Жиында Жамбыл облысы әкімдігі дін проб-лемаларын зерттеу орталығының инспекторы, теолог Қырықбай Саян Батырұлы арнайы спикер ретінде сөз сөйледі. Ол қазіргі қоғамда дәстүрлі дін мен деструктивті ағымдардың айырмашылығын дұрыс түсіну аса маңызды екенін атап өтті.

Саян Батырұлы жастарға жат идеология өкілдерінің тарту тәсілдері мен олардың идео-логиялық қателіктерін түсіндіріп, ұлттық рухани қауіпсіздік мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар нақты мысалдар келтіріп, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдарын жан-жақты түсіндірді.

Кездесу барысында қатысушылар өз ойларын ортаға салып, көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алды.

Бұл шара жастардың діни сауаттылығын арт-тыруға, рухани тұрақтылық пен ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған маңызды қадам болды.

Айдос ҚОСЫБАЙ,
«Мойынқұм таңы».

ХАБАРЛАМА

«БРОКОНЬЕР» ЖЕДЕЛ
ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ
ІС-ШАРАСЫ

Құрметті аудан тұрғындары, ҚР ІІМ-нің нұсқауына байланысты ағымдағы жылдың 20 қазан мен 19 қараша күндері аралығында аудандық полиция бөлімімен «Броконьер» жедел профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде.

Іс-шараның мақсаты – заңсыз аң аулау, орман ағаштарын кесу, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өнімдерін заңсыз сату, сатып алу немесе контрабандалық жолмен өткізу деректерін анықтау, жолын кесу.

Іс-шара барысында аудандық ПБ, жергілікті прокуратура, аудандық орман және аңшылық шаруашылығы мекемесі, «ОХОТЗООПРОМ» ӨБ, облыс әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пай-далануды реттеу басқармасы, Шу-Талас облысаралық бассейндік балық шаруа-шылығы инспекциясы, ветеринарлық бақылау және қадағалау аумақтық инспекциясы қызметкерлерімен біріге отырып, табиғатты қорғау және ветери-нарлық заңнамасын бұзу оқиғаларын анықтау мақсатында тұрақты рейдтік іс-шара атқарылуда.

Күзгі-қысқы аң аулау мерзімінің бас-талуына орай заңсыз аң аулаумен бай-ланысты қылмыстарды анықтау, ашу және тергеу бойынша кешенді іс-шаралар жүргізілетін болады.

Алмас КӨПБАЕВ,
Мойынқұм АПБ бастығы,
полиция подполковнигі.



ДЗЮДОШЫ АЗИЯ
ДОДАСЫНДА ТОП
ЖАРДЫ

Дзюдодан жасөспірімдер арасындағы Азия ойындарында Фатима Сұпығалиева бірінші орынды жеңіп алып, алтыннан алқа тақты, – деп жазады Egemen.kz.

Отандасымыз 52 кг салмақта чемпион атанды.

Қырғызстан дзюдошысы Милена Борулоптовамен өзара мықтыны анықтаған финалда Қазақстан балуаны Ф.Сұпығалиева иппон әдісімен жеңіске жетті.

Шыңғыс МҰҚАЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«AkDiE» ЖШС, 05.12.2025 жылы сағат 10:30-де Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 4 (әкімдік ғимараты), ««Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинау, уақытша сақтау, қайта өңдеу, кәдеге жарату және жою учаскесі» – Жамбыл об-лысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылдық округі» жобасы бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылынан 41 км қашықтықта. Географические координаты 44°27'37.32" солтүстік ендік, 71°03'36.36" шы-ғыс бойлық.

Жобалық құжаттама пакетімен электронды сайтта танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk>.

Барлық ескертудер және / немесе ұсыныстар бірнәғай электронды сайтта <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ элек-трондық пошта арқылы s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда , қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=988173030457>

Конференция идентификаторы: 988-173-030-457

Код доступа: 0ei0WG

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша Тауке хан көшесі 3, байланыс тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru арқылы алуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «AkDiE» ЖШС, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 11Е/1Б. БИН 130440009340. Эл.мекен-жайы: too_akdier@mail.ru.

Жобаны дайындаушы: «АртНефтьСтройПроект» ЖШС, Қызылорда қаласы, Тауке хан көшесі, 3. БСН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.мекен-жайы: ansp@bk.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «AkDiE», сообщает что 05.12.2025 года 10:30 часов по адресу Жамбылская область, Мойынқумский район, с.Уланбел, ул. Сакен Сейфулина, 4 (здание акимата), состоится общественные слушания в форме открытого собрания по отчету о возможных воздействиях к проекту ««Участок сбора, временного хранения, переработки, утилизации и удаления отходов производства и потребления» в Уланбельском аудльном округе, Мойынқумского района Жамбылской области».

Территория воздействия объекта - Жамбылская область, Мойынқумский район 41км от с.Уланбел. Географические координаты 44°27'37.32" северной широты, 71°03'36.36" восточной долготы.

Можно ознакомиться с пакетом проектной документации на электронном сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на электронном сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на эл. адрес s.agabek@zhambyl.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания про-водятся в онлайн-режиме. Активная ссылка: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=988173030457>

Идентификатор конференции: 988-173-030-457

Код доступа: 0ei0WG

Дополнительную инормацию можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, тел. 8 (777) 499 1734; 8(7242)23-67-35, ansp@bk.ru

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «AkDiE» БИН 130440009340. Кызылординская область, г. Кызылорда, ул.Желтоқсан, 11Е/1Б. Эл.адрес: too_akdier@mail.ru.

Разработчик проекта: ТОО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3. БИН 050140000140. Тел: 8-777-177-79-94; Эл.адрес: ansp@bk.ru.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Шығанақ ауылы, С. Сейфуллин көшесі №1 үйдің 1-пәтерінің тұрғыны БЕҒАЛИЕВА Баян Мұсақызының атына берілген инвентарлық нөмірі 6842, жер учаскесінің алаңы: 0,1091 га, жеке тұрғын үй құрылысы үшін № 0502557, жер кадастрлық нөмірі 06-093-003-092, жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін АКТ-ісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открылось наследственное дело после смерти гражданина Ковалева Юрий Тимофеевича умершего 19.08.2025 года.

Всем наследником по вопросу принятия наследства прошу явиться в нотариальную контору нотариуса Жамбылского нотариального округа Егембердиевой Айнуэр Ерлановне в срок до 23.02.2026 года, по адресу: Жамбылская область, Мойынқумский район, село Мойынқум, улица Кошенова, дом №8, контактные телефоны: 87766626057, 87081086057.

Открылось наследственное дело после смерти граж-данки Ганжуевой Гарчи Жалиловны умершей 06.10.2025 года.

Всем наследником по вопросу принятия наследства прошу явиться в нотариальную контору нотариуса Жамбылского нотариального округа Егембердиевой Айнуэр Ерлановне в срок до 26.04.2026 года, по адресу: Жамбылская область, Мойынқумский район, село Мойынқум, улица Кошенова, дом №8, контактные телефоны: 87766626057, 87081086057.

«Мойынқұм таңы» газеті редакциясының ұжымы еңбек ардагері

МАРАЛБАЕВ Ұзақбай Жексенұлының қайтыс болуына байланысты отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

МЕНШІК НЕСІ:

"Мойынқұм аудандық
"Мойынқұм таңы" газетінің
редакциясы" жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы,
Мойынқұм ауылы,
Амангелді көшесі
№68 "г"

ТЕЛЕФОНДАР:
Бас редактор
2-49-30 /факс/
Бас редактордың
орынбасары 2-14-06
Тілімі 2-49-11

Газет аптасына 2 рет сейсенбі,

жұма күндері шығады. Редакция автордың көзқарасы мен жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Қанатты қалам әлемі»

ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би 36 Б.
Есеп шот: KZ65601A161000012151, АҚ "Halyk Bank"

Газет Қазақстан
Республикасының Мәдениет
және Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
№12952-Г куәлік берілген
(02.08.2012ж. Астана қаласы)